

Асқақтай бер, Ата Заң!



Сыр бойы

№129
(19612)
30 ТАМЫЗ,
БЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ


WWW.SYRBOYL.KZ

BUGINGI SANDA



**КӘСІПКЕРЛІК:
ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛЫСЫ
КӨШ БАСЫНДА**

3»



**ҚҰМДА
ТУЫП,
ҚҰМДА
ӨСКЕН**

4»



**ҚАРА
БИ**

5»



**«ҚАЙСАР»
РЕСЕЙДЕ
ТОП
ЖАРДЫ**

6»

PREZIDENT I

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПШЫЛАР АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған халықаралық конференцияға қатысушылармен кездесті.

Мемлекет басшысы Қазақстанға келіп, Конституция күнін бірге мерекелегені үшін жиынға қатысушыларға ризашылық білдірді, сондай-ақ көптеген халықаралық сарапшылар қатысқан бұл конференция құқықтық мемлекет құру жөнінде ілім-білім алмасуға зор мүмкіндік бергенін атап өтті.

– Біз конституциялық құрылым ісіндегі ынтымақтастық пен өзара тәжірибе алмасу мүмкіндігін жоғары бағалаймыз. Құнды кеңестер мен ұсынымдар үшін ризашылық білдіреміз, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстандағы конституционализмнің даму тарихына тоқталды.

– 1995 жылғы көктемде бір топ заңгер ғалымдармен бірлесіп, бізге қандай конституция қабылдау қажеттігін талқыладық. Мен өзім еліміз үшін қолайлы ережелерді іздестіру мақсатымен Еуропаның, Американың Азияның 20 елінің конституцияларын жете зерттедім. Себебі, біз басқа мемлекеттің конституциясын сол күйінде көшіріп ала алмаймыз. Осылайша, 1995 жылғы желтоқсанда жалпыхалықтық референдумда азаматтарымыздың басым көпшілігі қолдаған конституцияны қабылдадық. Бұл құжат бүгінде біздің өмірімізге арқау болып, мемлекетімізді қалыптастырып, тәуелсіздігімізді нығайтып отырған негізгі заңға айналды. Конституциямыз уақыт талабына сай үнемі реформаланып, жетілдірілуде. Мәселен, өткен жылдың басында мен Президенттің бірқатар өкілеттіктерін Парламент пен Үкіметке олардың дербестігін әрі жауапкершілік аясын кеңейте отырып қайта бөлу жөніндегі конституциялық реформаға бастамашы болдым, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Халықаралық сарапшылар Қазақстанға шақырғаны үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғыс білдіріп, Конституция күнін мерекелеу түрлі институттар арасындағы қатынастарды реттеудің берік негізі әрі құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың кепілі саналатын ең маңызды құжаттың мәні зор екенін айғақтайтынын атап өтті.

Жиынға Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы Қ.Мәми, Әзербайжан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы Ф.Абдуллаев, Алжир Халық Демократиялық Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы М.Меделчи, Армения Конституциялық сотының төрағасы Г.Товмасян, Болгария Конституциялық сотының төрағасы Б.Велчев, Латвия Республикасы Конституциялық сотының төрағасы И.Зиемеле, Конституциялық әділ сот жөніндегі дүниежүзілік конференцияның Бас хатшысы Ш.Дюрр, Еуразиялық Экономикалық Одақ сотының төрағасы Ж.Бәйішев, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Ә.Рақышева қатысты.

БІРІККЕН КҮШ – БЕКЕМДІЛІК БЕЛГІСІ

Қазақстан Президенті Ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шарт ұйымы дайындық комиссиясының атқарушы хатшысы Лассина Зербомен кездесті.

Мемлекет басшысы бүгінгі кездесу Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні өтіп отырғанына тоқталып, бұл күнді белгілеуге Қазақстанның бастамашы болғанын айтты.

– Бәрі де 1991 жылғы 29 тамызда әлемдегі ең ірі ядролық сынақ алаңының жабылуынан басталған болатын. Содан кейін Невадада және басқа да полигондарда сынақтар тоқтатылды. Біз ядролық қару-жарақтан бас тарттық және соның арқасында антиядролық қозғалыс көшбасшыларының қатарына қосылдық, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Лассина Зербо Қазақстан Президентімен кездесудің осы күні өтуінің символдық мәнін атап өтіп, өзі жетекшілік ететін ұйымның жер бетіндегі ядролық сынақтарға қарсы түру және бейбітшілікті сақтау жолында күш жұмылдыра беретінін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы кездесу соңында Қазақстанның антиядролық бастамаларына үнемі атсалысып жүргені үшін Л.Зербоға алғыс білдірді.



SALTANAT I

АЗАТТЫҚТЫҢ АЙҒАҒЫ, БЕЙБІТШІЛІКТІҢ БАЙРАҒЫ



Кеше 30 тамыз – Конституция күніне орай Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрында салтанатты шара өтті. Ата Заңды ұлықтауға арналған шарада облыстық маслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов көпшілікті атаулы күнмен құттықтады.

– Конституция – латын сөзінен аударғанда құрылым, құрастыру, орнату деген мағынаны білдіреді. Конституцияда мемлекетіміздің саяси, құқықтық, әлеуметтік және мәдени жүйелерінің негізі қаланды. Конституция – сонымен бірге елдің, халықтың, әр адамның өмір сүру ережесі. Ата Заң аясында халқымыздың әл-ауқатын арттырып, экономикамызды дамыттық. Ұлы мұрат жолында «Қуатты мемлекет», «Мәңгілік ел» идеясы аясында ұлт болып ұйыса алдық, – деп атап өтті Наурызбай Сейітқалиұлы.

Егемен еліміздің алғашқы Ата Заңы 1993 жылы 28 қаңтарда Жоғарғы кеңестің 9-сессиясында қабылданғаны белгілі. Алайда, уақыт өте келе алғашқы заңды нарықтық экономикаға бейімдеу міндеттемелері туды. Елбасы бұл олқылықты Қазақстан Халқы Ассамблеясының сессиясында мәлімдеді. Оны қайта редакциялау қажеттігі туындады. Осылайша жаңа Конституция қабылданды. Содан бері заң негіздері елдігіміздің алтын қазығына айналып келеді.

Салтанатты шара жергілікті өнерпаздардың концертіне ұласты. Тарихымыздан сыр шертетін бейнероликтер ұсынылып, әншілер әуелеткен туған жер, Отан туралы әндер, мың бұралған билер шара мазмұнын байыта түсті.

**Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».**

MEREKE QARSAŃYNDA I

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ – ЖАҢА КӨЛІК

Конституция күніне орай Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің қалалық, аудандық пробация қызметтеріне жаңа автокөліктер табысталды.

Рәміздер алаңында өткен шараға облыс әкімінің міндетін атқарушы Қуанышбек Ысқақов қатысып, қатысушыларды Ата Заң күнімен құттықтады.

– Бүгінде түрмедегі адамдар санын азайту, оларды қоғамға бейімдеу институтын дамыту бойынша шаралар іске асырылып, жақсы нәтижелерге қол жеткізіліп келеді. Пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарға Үкімет қаулысына сәйкес, қала, аудан әкімдіктері тарапынан бос жұмыс орындарына квоталар бөлініп, есепте тұрған азаматтар жұмысқа орналастырылуда. Сондай-ақ, әлеуметтік-құқықтық көмектер көрсетіліп келеді, – деді Қуанышбек Досмайұлы.

Облысымыздың шалғай елді мекендердегі есепте тұрған сотталған азаматтарға бақылау,

қадағалау жүргізу және оларға әлеуметтік көмек көрсетуді тиімді ұйымдастыру пробация қызметтеріне жүктелген. Бүгінгі күні облыс әкімдігінің қолдауы негізінде қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде бірқатар мәселелердің оң шешімі табылып отыр. Соның бірі, пробация қызметтерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында беріліп отырған қызметтік автокөліктер. Осыған орай, облыс әкімінің міндетін атқарушы Қуанышбек Ысқақов қалалық, аудандық пробация қызметтеріне 10 автокөліктің кілтін табыстады.

Өз кезегінде қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы, әділет полковнигі Ғанибек Отарбаев алғысын білдірді.

– Міндетімізді тиісті деңгейде атқарып, алдағы уақытта қызметте жақсы жетістіктер мен оң нәтижелерге жететін боламыз. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табағынына сенімдімін, – деді департамент басшысы.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».**



Кез келген мемлекеттің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжаты – сол елдің Ата Заңы, яғни Конституциясы. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары белгіленетін болғандықтан, бас құжатты қабылдаған күнінің маңызы ерекше. Жыл сайын мемлекеттік мереке ретінде атап өтетініміз Ата Заңымызға деген құрметтен туындаған.

ЖАСАМПАЗ ДӘУІР ДІҢГЕГІ

«Конституция» деген сөздің өзі «құрылыс» деген мәнге ие, яғни бүтін бір елдің бір идеяға, бір ту астына бірігіп, мемлекет құруы. Қоғамның тынысын заңмен реттеген, белгілі бір руқсаттары мен шектеулері бар адамдар арасындағы қарым-қатынас ережелері алғаш Англияда қолданысқа енген. Кейін АҚШ-та, Франция мен Польшада пайда болды. Дала демократиясы өркендеген қазақ жерінде Алтын орда дәуірінде Шыңғысханның «Яса-сы», Қазақ хандығы тұсында «Қасым ханның қасқа жолы», Тоқтөке ханның «Жеті жарғысы» салтанат құрды.

Қазір күнделікті айтып жүр-

ген «Қара қылды қақ жару», «Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешу», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» сияқты кейбір мәтелдеріміз «Қасым ханның қасқа жолындағы» заң тармақтарынан алынған. Қасым хан көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, ой-көзқарасына негізделген тәртіп орнатты. Мәселен, жер, мал-мүлік дауы осы заңның бірінші тарауы мүлік заңындағы ережелерге сүйеніп шешілген. Ал, кісі өлтіріп, талап, шапқыншылық жасағандарды, ұрлық қылғандарды қылмыс заңымен жазалаған. Әскери заңда қосын жасақтау, аламан міндеті, қара қазан, түлпар ат, ердің құны сияқты мәселелер реттелген. Елшілік жораларының негіздері – шешендік, халықаралық қарым-қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық шарттары да бір тарауға өзек болған. Ал жұртшылық заңында шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бәйге ережелері, жасауыл, бекеул, тұтқауыл міндеттері көрсетілген.

2-бет

ЖАСАМПАЗ дәуір діңгегі

1-бет Есім ханның «Ескі жолы» жерге, малға байланысты ережелерді, мүліктік қатынастарды, ұрлық, кісі өлтіру, қасақана жарақат келтірудің жазаларын, әйелдердің қоғамдағы жағдайын, әскери міндеттілік, дәстүрлі шаралар мен кедейлерге көмектесу туралы мәселелерді қарады.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы» аты айтып тұрғандай, жеті заңнан құралды. Жер дауы, отбасы-неке, әскери, сот, қылмыстық істер, құн, жесір дауы заңдарында осы жағдайларға қатысты мәселелер осы жарғымен реттелді.

Кенес Одағы кезінде Қазақстанда 1924 жылы, кейін 1937 және 1978 жылдары Конституция қабылданды. Тәуелсіздік алған соң 1993 жылғы 28 қаңтарда алғашқы Ата Заң өмірге келді. Дегенмен ол кеңестік демократия қағидаларына негізделгендіктен, жаңа қоғамның талабына сай келмеді.

Қазіргі қолданыстағы Конституция 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумда қабылданған. Біздің Ата Заңымыз – әлемдегі ең жас, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 Конституцияның бірі болып саналады. Жаңа Конституцияда заң шығарушы, атқарушы сот билігі белгіленіп, олардың құзыреті, өзара іс-қимыл бірлігі заң тұрғысынан айқындалды. Сол күннен еліміздің құқықтық өміріндегі жасампаз жаңа дәуір басталды деуге негіз бар.

Біздің Конституциямыз тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынғандығымен, елдің пікірі ескерілгендігімен де құнды. Оны талқылауға 3 миллионнан астам адам қатысқан. Жұртшылықтан түскен 31000-нан астам ұсыныстың 1000-нан астамы Конституция жобасына енгізілген. 1995 жылы 30 тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өтіп, оған сайлаушылардың 90,58 проценті қатысты. Олардың 89,14 проценті жаңа Конституцияның қабылдануын қолдады. Бұл жөнінде Елбасы «Қазақстандық



жол» атты кітабында «1995 жылғы Конституция тақыр жерде пайда болған жоқ. Ол егемен Қазақстанда конституциялық құрылыс орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелерді, сондай-ақ біздің жағдайымызға сәйкес келетін ең прогресшіл шетелдік тәжірибелерді барынша толық пайдаланған еді. Сондықтан да, кімде-кім еліміздің Негізгі заңының рухы мен маңызын терең түсінгісі келсе, оны жасаудың, қалыптастырудың тарихын жақсы білуі керек» деген болатын.

Соңғы жылдары Конституцияға өзгерістер енгізіліп, еліміздегі демократиялық реформалар тереңдей түсті. Мемлекетіміз президенттік-парламенттік басқару тәртібіне көшті. Енді елімізде партиялық саялау жүйесі енгізіліп, Парламент Мәжілісінің саялауы жаңа саялау ережелері бойынша жүзеге асырылды.

Ата Заңның 1-бабында «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп атап көрсетілген. Бұл Қазақстанға әлемнің дамыған елдерінің қатарында тұруға моральдік құқық береді. Бас құжатта адам құқықтары мен бостандықтары жоғары бағаланғандықтан, бұл принцип салалық заңнамаларда да көрініс табуда. Кеңес дәуірінде заң бұзған адамды бұзақы ретінде көру стереотипі қалыптасқан еді. Қазір керісінше, кінәсіздік презумпциясы басшылыққа алынады. Өйткені Конституцияда тұлғаға құрметпен қарау, оның жеке құқықтарын таптамау, сот пен заң алдындағы теңдік, жалпы теңдік қағидалары тайға таңба басқандай белгіленген.

Мемлекеттің азаматтығын алған адамның азаматтық құқықтарына қоса, тиісті міндеттері де белгіленеді. Конституция бойынша біздің елдің азаматы орта білім алуға, заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеуге, Отан қорғауға міндетті.

Еліміз бен Тәуелсіздіктің тірегі – Конституцияны қатаң ұстану, құрметтеу, қорғау, барлық талаптарын сақтау әрбірімізге міндет әрі парыз. Бұл жайында Елбасы «Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғары мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасак, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ» деп атап көрсеткен.

Конституцияның кіріспесінде айқындалғандай, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдағалы 23 жыл болды. Тарихи өлшеммен қарағанда қас-қағым сәт болғанымен, осы жылдар аралығында Ата Заң тәуелсіздіктің тірегіне, болашақтың бағдарына айналып үлгерді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

АТА ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ

Тәуелсіз еліміз аз ғана уақытта бірлік пен ынғымның арқасында орасан табыстарға қол жеткізіп, зайырлы, құқықты мемлекет құра білді. Экономикасы мен әл-ауқаты күн санап артып келе жатқан еліміздің қарашты дамуы өркениетті елдер мойындай бастады. Мұның барлығы еліміздің алтын дінгегіне айналған Ата Заңымыздың арқасы. Сондықтан құқықтарымыз бен міндеттерімізді белгілеп берген Конституцияның қазақстандықтар үшін алатын орны ерекше. Осы Заң аясында көпұлтты Қазақстан халқы татутәтті бақытты өмір сүріп, еліміздің тәуелсіздігі нығайып, қорғаныс қуаты артып келеді. Ең бастысы, қазақ елінің өзге мемлекеттер алдында беделі артып, татулық пен тұрақтылықтың тұтқасы болуда.

Азаматтардың бостандықтары мен құқықтары, демократиялық нормалар мен талаптар көрсетілген Заң – еліміздің дамуына үлкен жол ашты. Қазіргі таңда елімізде азаматтар үйлесімді дамып, Ата Заңымыздың арқасында ел іргесі бүтін, жұрт тыныш, халқымыз бейбіт өмір кешуде. Жан-жағымызды сараптап қарасақ, қаншама ел көз алдымызда ыдырап, адамдар түрлі соғыстың құрбаны болуда. Бұл елдің іргетасы болатын Заңның әлсіздігі, тұтастықтың, дамудың, ілгерілеушіліктің жоқтығынан. Ал, біздің елімізде, керісінше, қай саланы алсақ та ілгерілеу басым, көп елдерден көш алда келеміз. Тәуелсіздік алғаннан бергі жеткен жетістігіміз де жетерлік. Жырыма үш жылда жеткен жетістіктер осы Конституцияның және оның негізінде қабылданған заңнаманың нақты нәтижелері. Бұл ең алдымен Алланың елімізге берген сыйы болса, екіншіден Елбасының жүргізген сарабал саясатының, халықтың мақсаты мен міндетіне негізделген Ата Заңның беріктігінің арқасы деп білеміз. Сол себепті, біздің еркіндігіміз мен бостандығымызды көздейтін еліміздің басты құжатын құрметтеу елдегі әрбір азаматтың міндеті, һәм парызы.

Мусабек ШАМШАТОВ,
№185 қазақ орта мектебінің
мұғалімі.
Қармақшы.

BRIFING I

Жалағаш ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев 2018 жылдың I жартыжылдығын қорытындылады. Өңірлік коммуналдық қызметінде өткен баспасөз конференциясында атқарылған жұмыстар талқыланып, алға қойылған мақсат-міндеттер айқындалды.



Соңғы жылдары Сырдария ауданы қай салада болмасын жоғары көрсеткішке қол жеткізіп келеді. Кент, ауылдар жаңа ғимараттармен көркейіп, ел дәулеті артуда. Осындай жетістіктерге ие аудан жуырда 90 жылдық мерей тойын атап өтті.



ЖАЛАҒАШ: КӘСІПКЕРЛІК ҚАНАТТАНЫП КЕЛЕДІ

Ауданда жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, бірінші кезекте әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытып, жаңа жұмыс орындарын құруға, экономиканы өсіруге бағытталған.

– Биыл ауданда 36314,7 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның 22366 гектары күріш. Қазіргі уақытта күріш суын тарту, ору, бастыру кестесі жасалды. Күрішті ору 1 қыркүйектен, бастыру 5 қыркүйектен бастау межеленуде. Бүгінгі күні жасыл технология өміріміздің барлық саласына енгізіліп келе жатқаны мәлім. Оған дәлел – биыл маусым айында БҰҰ Даму бағдарламасы шеңберіндегі қосылған Таң ауылдық округіндегі оазистің суару жобасы. Жобаны жүзеге асыру барысында күн және жел күшімен электр энергиясын өндіру арқылы тамшылатып суару әдісімен 3 гектар жерге алма ағаштары, 2 гектар жерге көкөніс дақылдары егілді. Маусым айында облыс әкімінің қатысуымен жобаның ресми түрде ашылу рәсімі өткізілді, – деді аудан әкімі Қ.Сәрсенбаев.

Ауданда мал басын арттыру мақсатында шаруа қожалықтар мемлекет ұсынған бағдарламаларды тиімді пайдаланып келеді. 25 шаруашылық өз қаражаттарымен «Сыбаға» бағдарламасының қатысушысы болып жұмыс жасауда.

– Аудан бойынша 146 шаруашылық пен жеке тұлғалардың бірігуімен 41 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылды. Осы құрылған кооперативтердің ішінде нәтижелі жұмыс жасап жатқандары да бар. Мәселен, «Табыс» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Елу ел» бағдарламасы аясында алынған несиеге 309 бас мүйізді ірі қара малын бордақылап, 4,5 тонна өнім өндірілді. «Аққұм бірлік» кооперативінің 5 мүшесі «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойын-

ша 1 млн теңгеден несие алып, мал бордақылаумен айналысуда, – деді Қ.Сәрсенбаев.

Ауданда нақты жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны өткен жылмен салыстырғанда өскен. Шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар аясында жыл басынан бері 146 жоба қаржыландырылған. Облыс бойынша аудан алдыңғы қатарда келеді.

Аудан әкімінің хабарлауынша, қазіргі уақытта 4 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, «Серпін» индустриалды аймағында 4 өндіріс орындары іске қосылып, жұмыс жасауда. Индустриалды аймаққа 5 жобаны орналастыру үшін 3,9 гектар жер телімі табыстау, 2 күріш ақтау және жем өндіру зауытының құрылыс жұмыстары басталды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізетін маңызы зор жобалардың бірі – «Nomad Solar» ЖШС-ның күн энергиясын пайдаланатын электр станциясының құрылысы. Жобаны жүзеге асыру мақсатында кент аумағынан 164 гектар жер учаскесі табысталған. «АлматыПроектЭнергострой» ЖШС жобалық-сметалық құжаттарын дайындап, сараптамаға ұсынды. Жоба негізінен екі бөліктен тұрады, біріншісі Жалағаш кентінен қуаттылығы 30 МВт күн сәулесі электр станциясы құрылысы, екіншісі 30 МВт күн сәулесі электр станциясын қазіргі пайдаланудағы 220 кВ подстанцияға қосу. Жоба іске асқан уақытта 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, жергілікті бюджетке жылына 150 млн теңге көлемінде кіріс кіреді деп болжануда.

Аудандағы мектептерде толыққанды білім алуға жан-жақты жағдай жасалған. Жалпы білім беру сапасы жылдан жылға жоғарылап келеді. ҰБТ қорытындысымен биыл облыс бойынша аудандар арасында бірінші орынды иеленді. Ауданның көрсеткіші 87,5 балды құрап, өткен

жылмен салыстырғанда едәуір өскен. Бүгінде барлық мектептер «Электронды күнделік» жүйесіне енгізілген. Жаңа оқу жылынан бастап қағаз журналдарға толтыру толық жойылып, электронды форматтағы нұсқаға көшеді. Осы мақсатты барлық мектептерге 200 дана планшет, 114 дана wi-fi роутер сатып алынған. Сондай-ақ, жыл аяғына дейін мемлекеттік-кежеселдік әріптестік аясында аудан мектептерін 769 дана компьютермен жабдықтау жоспарлануда.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – басты назарда тұрған міндеттердің бірі. Бүгінде жоба-сметалық құжаттары әзірленген Мақпалкөл, Аққыр, Жаңадария ауылдық округтерінің ауыз сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту құрылыс жұмыстарына бастапқы қаржы бөлініп, жұмыстар жүргізілуде.

Ауданның барлық елді мекендерінде электр жүйелерінің тозығы жеткен. Алдағы уақытта Аққұм, Аққыр, Бұқарбай батыр, Жаңадария, Жаңаталап, Мәдениет елді мекендерінің электр жүйелеріне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Сонымен қатар қаржыларды мәселесі шешімін тапса, 2019 жылдың аяғына дейін аудан орталығын толықтай газдандыру жұмыстары аяқталады деп күтілуде.

Қоғамдық тәртіп бойынша ауданда мал ұрлығы, көше қылмыстары тиымшыл келеді. Сондай-ақ, есірткі қылмысының да жыл сайын өсім алып жатқандығы байқалады. Осы орайда қылмыстың алдын алу, тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, қылмысқа қарсы күрес бағытында шаралар күшейе түседі.

Алдағы уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында жоспарланған жұмыстар кезек-кезеңімен атқарылатын болады.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

СЫРДАРΙΑ: ТҰРҒЫН ҮЙ – ТҮЛЕГЕН ТІРШІЛІКТІҢ АЙҒАҒЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Сырдария ауданының әкімі Ғанибек Қазантаев алты айдағы атқарылған шараларды баяндады.

Еліміз бойынша биылғы жылдың жаңалығы халқы мол ауылдардың дербес бюджетінің қалыптасуы. Бұл орайда ауданда тұрғын саны 2 мыңнан асатын кент және 7 ауылдық округтің 2018 жылға арналған бюджеттерінің кірістері 1 млрд 56 млн теңге көлемінде бекітіліп, 1 млрд 73 млн теңгеге нақтыланған.

Жартыжылдық қорытындымен аудан бюджетінің түсімдері 4,6 млрд теңгеге немесе 101,8% орындалса, өз кірістерінің болжамы 101,1%. Аудан экономикасына 13,2 млрд теңге инвестиция тартылған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 52,3%-ке артық.

– Дамуға серпін берген құрылыс саласы 6,3 есеге ұлғайып, 6503 шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Бүгінде Тереңөзек кентінің Аманкелді Иманов және Нәлхожа Ерғешбаев көшелерінің қиылысына тұрғын үй кварталының құрылысы жүріп жатыр. Мұнда үшқабатты 18 және 24 пәтерлі екі үй салынауда. Қос үй қыркүйек айында беріледі. Жыл аяғына дейін тағы 42 пәтерлі екі үй салынатын болады. Яғни осы кварталға тиісті 9 үйдің төртеуін жыл аяғына дейін беруді көздеп отырмыз, – деді Ғанибек Қонысбекұлы.

Көпір салуда тәжірибесі бар сырдариялықтар Бесарық елді мекеніндегі «Жаңадария» каналы арқылы өтетін автожол көпірінің құрылысын аяқтады. Және «Қызылорда-Қоғалкөл-Шіркейлі» жолындағы екі көпірдің облыстық бюджет есебінен құрылысын бастады. Осымен ауданда көпірге байланысты мәселе түбегейлі шешілмек.

Қалжан ахун мешіт медресесін қалпына келтіру жұмыстары басталды. Оған облыстық бюджеттен 33,4

млн теңге қаржы бөлініп, «Астана-көкше» ЖШС жұмыс жүргізуде.

Жапай кәсіпкерлікті қолдау аясында Сырдария ауданында «Кәсіпкерлікті дамытудың жол картасы» әзірленіп, бірқатар жұмыстар атқарылуда. Аудан бойынша 2142 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі ашылып, 2,6 %-ке өсті. Жұмыспен қамтылған адам саны – 5185. Сонымен қатар, ішкі туризмді дамыту мақсатында Тереңөзек кентінде орналасқан «Қалғандария 2» көліне демалыс жағажайы ашылды. Ондағы «Эко құрылыс Проект» ЖШС 5 адамды жұмыспен қамтып отыр. Жағажай бір мезетте 60 адамға қызмет етеді.

2016-2020 жылдарға арналған «Даму» бағдарламасы аясында кент және ауылдық округтер бойынша құны 3 млрд 282,2 млн теңгені құрайтын 141 жоба бекітілген. Жалпы ашылатын жұмыс орны – 557.

Биыл 259,3 млн теңгені құрайтын 35 жоба жүзеге асырылады деп жоспарланған. Қазіргі таңда 63,3 млн теңгені құрайтын 15 жоба іске қосылған.

«Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы бойынша «Өңірлік инвестициялық орталығы» микро қаржы ұйымы ЖШС арқылы 99,1 млн теңгенің 31 жобасы қаржыландырылған.

«Бизнесің жол картасы-2020» бизнесіті қолдау мен дамытудың бірінші бағдарламасының пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау тегіті бойынша құны 66,8 млн теңгенің 3 жобасы екінші деңгейлі банкттер тарапынан қаржыландырылды. Сондай-ақ, 78 млн теңгенің 4 жобасы екінші деңгейлі банкттерде қаралуда. Бағдарламаның грант тегіті бойынша құны 202 млн теңгенің 132 жобасы конкурстық комиссияның қарауына ұсынылып, оның 28 жобасы оң қорытындысын алған. Аудандық кәсіпкерлік палатасы арқылы 110 азамат «Бизнес-Кеңесші» курсынан оқыды. Кәсіп

ашуға ниетті азаматтарға 191 кеңестер мен қызмет көрсетілді. «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының екінші бағыты бойынша 170,6 млн теңгенің 54 жобасы мен қатар қосымша 70 млн теңгенің 32 жобасы және «Агро-бизнес» бағдарламасымен 78,3 млн теңгенің 11 жобасы іске асуда.

Ауыл шаруашылығы саласында диқандар 32 мың 210 гектарға дақылдар орналастырған. «КазАгроКаржы» АҚ арқылы шаруашылыққұрылымдары 17 жаңа техника алды. Маида және жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін арттыруда 39 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Кооперативтермен 63 отбасылық мал бордақылау алаңдары құрылып, 1461 бас мүйізді ірі қара малын бордақылауда. Бұл жұмыстарға кооперативтер 246 млн теңге жеңілдетілген несие алған.

Ауданда жұмыссыздықтың деңгейі 5,1 % құрайды. Жыл басынан 55 жұмыс берушілерден сұраныстар келіп, 6 рет жәрмеңке ұйымдастырылды. Нәтижесінде 48 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Жұмыссыздықты азайтуды, жаңа жұмыс орындарының есебінен шешуді аудан әкімдігі басты назарына алған. Қылмыстық ахуал төмендеп келеді. Мал ұрлығы 25,8%, бұзақылық 25,0%, есірткі қылмысы 52,9% төмендеген.

Биыл ҰБТ қорытындысымен 157 бала мемлекеттік грантқа түссе, «Алтын белгіні» 20 оқушы, «Үздік аттестатты» 11 оқушы иеленген.

Ал, Елбасының халыққа Жолдауын насихаттау және түсіндіру мақсатында 93 ұжымдық талқылаулар өткізіліпті.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».



МUNAISHYLAR MEREKESI QARSAҢЫНДА I

АҒАЙЫНДЫ САРБАЕВТАР

Бүгінде Торғай ойпатының қойнауындағы қазынаның игеріле бастағанына 30 жылдан асты. Соңғы жылдары Сыр өңіріндегі жаңа саланың ізашары болған жандар мен олардың еңбегі туралы шама-шарқымыз келгенше жазып келеміз. Сыр мұнайының бұлақ бастауында тұрған азаматтардың біразын танып-білгендіктен, енді бірталайымен қызметтес әрі қанаттас болғандықтан біздің қаламымыздан шыққан дүниелер келешектің қажетіне жарап қалар деп ойлаймыз. Өйткені бұрын-соңды мұнай кәсібімен айналыспаған өлкеде жанкештілікпен жұмыс істеген адамдардың еңбегі тақыр жерді абат баққа айналдырған бағбанның бейнетімен бірдей еді. Олар салған сара жол Сыр мұнайын бүгінгі биігіне жеткізді. Қызылорда мұнайының қалыптасқан сара жолын соқпақтан бастап сұрлеуге айналдырған адамдардың кейбірі өмірден өтіп кетті. Олар туралы білген-түйгеніммен бөлісуді, білмегенімді сұрап алып, есімдерін хатқа түсіріп қалдыруды сол азаматтардың алдындағы парызым сияқты сезінемін.



Сыр еліндегі мұнай өндірісінің өркендеуіне қапысыз қызмет қылған ағайынды Мұхамед және Ахун Сарбаевтар Түрікмен жерінде дүниеге келді. Олардың ата-бабалары кеңестік режим Маңғыстау қазақтарын атақонысынан ауа көшуге мәжбүр еткенде Түрікменстан жерін паналаған. Тарихшылардың айтуынша, алдымен бұл жерге 1927 жылдан бастап күнкөріс қамымен біраз ағайындар келген. Кейін 1931 жылғы Адай көтерілісінен кейін тіпті көбейеді.

Адай көтерілісі бір ғана рудың емес, Маңғыстау өңіріндегі барлық халықтың әділетсіздікке қарсы ұлттық наразылығынан басталған еді. Онысыз да түрлі салықтардан титықтаған жұртқа 1928-1929 жылдың қыс айларында жүн салығы, онымен қатар тері, сүйек, шүберек жинап тапсыру міндеті қойылды. Қақаған аязда қой қырыққан, көрпелерін сөгіп, алашпарың, арқаның түтіп жүн өткізгеннің өзінде жоспар орындай алмағандардың басы

айдауға түсті. Осындай қыспақтан қашып, Түрікмен жеріне барған қазақтардың дені сол кезде кен табылып, жұмыс орны ашылған Красноводскке тұрақтайды.

Қазір Түркменбашы деп аталатын бұл шаһар Кеңес Одағы кезінде Түрікменстанның мұнай өңдеу өндірісі дамыған қаласы болды. Екінші дүниежүзілік соғыстың ең ауыр кезеңі – 1943 жылы Красноводск мұнай өңдеу зауыты алғашқы өнімін бере бастады. Кейін бұл қала Түрікменстанның ең ірі индустриялық орталығына айналды. Бүгінгі Түркменбашы тек қана мұнайлы өлке емес, өз еліндегі курортты қалаға айналды. Каспий жағалауындағы Аваз ұлттық туристік базасы бұл қаладан бар болғаны 12 шақырым жерде тұр.

Мұхамед Сарбаев сегізжылдықты бітірген соң 1962 жылы Небит-Даг қаласындағы мұнай техникумының бұрғылау бөліміне түсті. «Небит-Даг» деген сөз «мұнай тауы» деген

мағынаны береді. Өткен ғасырдың 20-жылдары бұл қала «Нефте-Даг» деп те аталған. Готурдепе, Барсакелмес, Небит-Даг кеніштері екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қиын жылдарда игерілген. Қазір бұл қалада сол кезеңде адам төзбес ауыр жағдайда жұмыс істеген геологтар мен мұнайшыларға арналған «Ізашарлар» атты архитектуралық-мемориалдық ансамбль орнатылған екен.

Небит-Дагта күллі Кеңес Одағының мұнайшы мамандары шоғырланды. Жергілікті тұрғындары – түрікмендер, қазақтар және Кавказдан келген ұлттар бөлек-бөлек ауыл болып қоныстанған екен. Қазақ ауылдың адамдары бір қабатты үйлердің алдына сәкі орнатып, жаздың аптабында сонда ұйықтайтын. Түрікмен ауылдағылар ауаларына мал ұстайтын. Түрікменстан тәуелсіздік алған соң Небит-Даг қаласы Балқан уалаятының орталығына айналып, атауы Балканабад болып өзгерді.

М.Сарбаев оқыған Небит-Даг мұнай техникумы осы салаға маман дайындайтын оқу орындарының ішіндегі ең озықтардың қатарында тұратын. Техникумды үздік бітірген Мұхамед 1967 жылы Мәскеудегі Губкин атындағы Мұнай институтына түсті. Еңбек жолын бұрғылаушының көмекшілігінен бастады. Басқаны қайдам, мен қолына енді ғана диплом алған түлекті өз ісінің нағыз шеберіне айналдырудың осы бір кеңестік тәсілін құптаймын. Жоғары теориялық білім алған жас маманды қайнаған өндіріске апарып, ең төменгі сатыдан бастап еңбек майданында шыңдағаннан жаман болған адамды көргенім жоқ. Қолмен ұстап, көзбен көргеннен ысылған маман кейін сол саланың қай шаруасына жегілсе де, өз ісін өрге сүйрейді. Кеңес Одағы кезінде білім алған бәріміздің де еңбек жолымыз осылай басталды.

Біздің кейіпкеріміз де көмекшіден бұрғылаушыға, одан бұрғылау шеберіне, біртіндеп инженер-технологқа айналды. Аудандық инженерлік технологиялық қызмет бастығының орынбасары, бастығы болды. Мұнай кәсібінің ұңғыл-шұңғылын меңгерген маманға орталық инженерлік технологиялық қызметтің басшылығы тапсырылып, осы қызметті 3 жылдай атқарды. Небит-Даг бұрғылау басқармасының бас инженерлігі жауапкершілікке қоса ұдайы үйреніп, білімін жетілдіріп отыруды жүктейтін еді.

Ол қай қызметте болмасын өзін ең жоғары биіктен көрсетті. КСРО Мұнай өндірісі министрлігінің Құрмет грамоталары мен медальдарын иеленді. Терең бұрғылау ісінің кәнігі маманы әрі онтайландырушысы ретінде Кеңес Одағының барлық мұнайлы өңірлерін аралады. «КСРО мұнай және химия өндірісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 1990 жылы Мұнай өндірісі министрлігі социалистік жарыстарда бірнеше мәрте жеңіске жеткен М.Сарбаевқа «УАЗ» автокөлігін сыйлады.

Қызылорда облысын мұнай өндірісі өркендеген өлкеге айналдыруға аз уақыт кеткен жоқ. Құмкөл мұнайын игеруге келгендерді инфрақұрылымнан бастап маман тапшылығына дейінгі түйткілді проблемалар күтіп тұрды. «Қадр бәрін шешеді» деген сөз өткен ғасырдың басында айтылғанмен, ғасыр соңына дейін өзектілігін жойған емес. Әсіресе бұрын-соңды мұнай іздеу, бұрғылау ісімен айналыспаған Сыр өңірінде бұл кәсіпті игергендер күндіз шам алып іздегенмен табылмайтын еді. Мен 1988 жылы қызмет ауыстырып осында келгенде Жетібай бұрғылау басқармасының Құмкөл терең бұрғылау экспедициясы құрылған екен. Мамандар жан-жақтан, Өзен, Жетібай бұрғылау басқармаларынан жиналды. Осындай қысылтаяң шақта Мұхамедке 1991 жылы «Оңтүстікмұнайгаз» бірлестігіне қарасты «Құмкөл терең бұрғылау экспедициясы» мекемесінің басшылығы тапсырылды. Ол жана жерде жана саланың аяғынан тік тұруына, қазыналы Құмкөлдің байлығын бұрғылап, халық игілігіне беруде көшбасшылардың қатарында тұрды. Мұнай өнеркәсібінің ең қиын, қаржы мен күш-жігерді талап ететін буыны осы – ұңғыма бұрғылау. Ал жердің бетіне шыққан мұнайды жайғастыру ретімен атқарыла береді.

Мұхамед Сарбаевпен 1992-1995 жылдар аралығында оның орынбасары болып бірге жұмыс жасадық. Мен «Оңтүстікмұнайгазға» қызмет аумастырдым, ол кісі экспедицияны қайта жарактандыру, жана техника алу, ұңғыманы бұрғылап, шегендеуді, жас мамандарды баулулы, мұнайды игеруді ұйымдастырды. Кейін «Сандриллинг» компаниясында еңбек етіп, Амангелді газ кенішіндегі ұңғыманы бұрғылауға қатысты. Бұрғылау жұмыстары күткендегіден әлдеқайда нәтижелі болды.

Ағайынды Сарбаевтардың кішісі Ахун мамандық алғаннан кейін «Өзен бұрғылау басқармасында» бұрғылау шебері, ауысым бастығы қызметтерін атқарды. Бұл басқарма құрамындағы бригада кезінде Мұнай өнеркәсібі министрлігінің бұрғылау бригадалары арасында өткізген Бүкілодақтық социалистік жарыстардың нәтижесі бойынша бірнеше рет бірінші орынға ие болып, «КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің ең үздік бұрғылау бригадасы» атағын алған. Бұрғышыларының өз міндеттерін табысты орындауы Өзен мұнайшыларына өндіру көлемін арттыруға мүмкіндік берді. Кен орнынан алынатын мұнай көлемі жылына 16 миллион тоннаға дейін жеткізілді.

«Өзен мұнай басқармасы» 1975 жылы айына тұрақты түрде 35-36 скважина бұрғылап тұрған, Одақ көлеміндегі 325-350 мың метр тереңдікте бұрғылау жұмыстарын атқарған мекеме. Сыр бойында «қара алтын» игеру басталғанда осындағы еңбек майданында шыңдалған мамандармен бірге Ахун Сарбаев та «Құмкөл терең бұрғылау экспедициясына» келді. Ауысым бастығы, аудандық технологиялық инженерлік қызметтің тізгінін ұстады. Негізгі жұмысы өндіріс басында. Өндіріс дегеніміз бір бұрауы сай келмесе бүкіл жұмысы тоқтап қалатын тұтас механизм. Бірі жетсе, бірі жетпейтін, әсіресе жұмыстың көзін білетін маман аз уақытта қыз-қыз қайнаған тірліктің бел ортасында жүрді.

Көп ұзамай экспедиция ұлғайып, өндіріс, технологиялық бөлімдері ашылды. Ахун 1989 жылы Құмкөл экспедициясы аудандық инженерлік технологиялық қызметті басқарды. Кеніш басында Махмуд Рахметовпен ауысып жұмыс істеп, ұңғымалардың жұмыс жоспарын жасады. Технологиялық, инженерлік жұмыстарды басқарды. Жұмыс болған соң, жоспардан тыс жағдайлардың орын алып тұратыны белгілі. Мұндайда апаттың себебін жұмыс жасаушы бригаданың салғырттығынан, бұрғылау процесін білмеуінен, бұрғылаудың технологиялық тәртібінің бұзылуынан іздейді. Ахун Сарбаев ұңғымалардың дер уақытында, апатсыз және сапалы бұрғылануына көп еңбек сіңірді.

1990 жылдың 9 мамыры Құмкөл кен орнының тарихында ерекше күн. Сол күні кеніш өндірістік игеруге қосылды. Салтанатты жиын өтіп, ашылу рәсіміне КСРО Мұнай өнеркәсібі министрі Филимонов бастаған және Мәскеуден, Маңғыстаудан мұнайшы мамандар мен Қызылорда облысының басшылары қатысты. Кеніш басында думанды мереке болды. Өйткені кенішті игеруге Ахун сияқты білікті, білімді қазақ жігіттері қатысқан еді. «Құмкөл-Қарақайын» мұнай құбыры іске қосылғаннан кейін Ахун экспедицияның бас инженері болды. Алғашында 100-150 адаммен жұмысты бастаған экспедиция 700 адам еңбек ететін үлкен ұжымға айналды.

Құмкөл мұнайын игерудің аса қиын шағында жүктелген міндеттерін адал атқарып, бір мақсатқа жұмылған маңғыстаулық мамандар бірте-бірте кері оралды, басқа қызметтерге ауысты. Олар жасаған іргелі істер туралы жақсы пікір қалыптасты. Баулып үйреткен мұнайшылары өндіріске мұрагер болып қалды.

Ағайынды Сарбаевтарды бүгінгі буын мұнайшылар танымаса да, аға ұрпақ біледі. Өмірден тыс ерте кеткен Ахунның, 2011 жылы дүниеден өткен Мұхамедтің қазақ мұнай өндірісі саласына сіңірген еңбегі ерен. Сол ерен еңбектің бір тармағы Сыр бойындағы жемісті жылдар еді.

Ғалым БАЙМАНОВ,
инженер-мұнайшы.

AKTSIIA I

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН!

Дәстүрлі акция биыл да тамыз айының алғашқы күнінен, қыркүйек айының соңына дейін жалғаспақ.

Қайырымдылық шарасының мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде көмек көрсету.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаевтың айтуынша, өткен жылы аталған акция аясында партия тарапынан 243 іс-шара ұйымдастырылып, 1797 оқушы балаға материалдық көмек көрсетілген.

– Түрлі әлеуметтік санаттағы азаматтардың өтініштерін қанағаттандыру партия қабылдау бөлімдерінде бірінші кезекке қойылған. Жылдан-жылға акция ауқымы кеңейіп, үлес қосушылар мен тұрақты демеушілерінің қатары артып, халықтық сипатқа ие болып келеді. Аймақтық және аумақтық партия филиалдары, сонымен қатар, партия белсенділерімен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары акцияға белсенді қатысуда. Нақты кезеңде түрлі отбасының 500-ден астам балаларына мектепке дайындық көмектері көрсетілді. Қыркүйек айының соңына дейін де акция жалғасатын болады, – деді партияның облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары.

Сондай-ақ, Ибадулла Құттықожаев «Мектепке жол» акциясы аясында түрлі әлеуметтік себепке байланысты сабақтан қалу жағдайларын болдырмау үшін өңірде рейдтік шаралар ұйымдастырылып, тиісті мамандар пәтерлерді, саяжайларды аралап, ата-анасының бақылауынсыз қалған балаларды іздегіріп, оқушылардың жаппай мектепке баруына айрықша көңіл бөлініп отырғандығын атап өтті. Акцияға қолдау білдіру әрбір азаматтың рухани жан-дүниесінің байлығын, жас ұрпаққа деген шынайы сезімі мен ниетінің тазалығын көрсететінін айтты.

Нүротандықтар «Баланы мектепке даярлайық» атты осы акция аясында 15 оқушыға мектеп құралдарын табыстап, орталық алаңда тегін велосипед теуіп, батутта секіріп, балмұздақтан дәм татуға мүмкіндік жасады.

«СБ» ақпарат.

BILIM I

19000-ға жуық бала бірінші сыныпқа барады

Облыс бойынша мектепке дейінгі, орта, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының жаңа 2018-2019 оқу жылына дайындық барысы туралы облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдебекова баспасөз конференциясын өткізді. Жаңа оқу жылының басталуына жүйелі дайындық жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласы бойынша автоматтандыру жүйесіне балабақшалардың барлығы қосылған. Облыстағы қалған 420 балабақша автоматтан-дырылған жүйеге жаңа оқу жылынан бастап қосылатын болады. Биыл облыс бойынша 294 мектеп-

ке 154 559 оқушы баратын болса, оның ішінде 18942 бала 1 сыныпқа қабылданбақ. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 700 балаға көп.

– Биылғы оқу жылының тағы бір ерекшелігі жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер жоғары сыныптарда ағыл-

шын тілінде оқытыла бастайды. Пәндерді ағылшын тілінде оқытуға 2021 жылға дейін көшу жоспарына сәйкес облыстағы 46 инновациялық мектептер жұмысты алғашқы болып бастайды. Былтырғы оқу жылынан бастап 242 мектеп «Күнделік» электронды жүйесіне қосылды. Қалған мектептер жаңа оқу жылында жүйеге қосуды аяқтайды. Сонымен қатар жаңа оқу жылынан бастап барлық мектептерде сынып журналдары электронды форматта жүргізіледі. Осы орайда мемлекеттік-жекешелік

әріптестік негізінде 8000 дана компьютермен жабдықтау жаңа жылға дейін жүзеге асырылады, – деді М.Мелдебекова.

Облыстық білім басқармасы оқулықтардың жеткізілуіне мониторинг жасап, бұл істі тиянақты жүргізіп отыр. Демек, биыл оқулық тапшылығы болмауға тиіс.

Тағы бір жаңалық, биыл 3 сыныпқа информатика пәні енгізіледі. Оқулықтары мектепке таратылды. Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-7 сыныптарға «Өлкетану» курсы алғаш рет енгізіліп отыр. Пән

қаңтар айынан бастап оқытылады. Майра Тұрғанбайқызының мәлімдеуінше, ғалымдардың араласуымен өңіріміздің табиғаты, тарихы, салты мен дәстүрін көрсететін оқулық дайындалуда. Облыстағы мектептер 156 жаңа модификациялық физика, химия, биология пәндік кабинеттерімен жабдықталуда. Сонымен қатар 92 мектепке робототехника кабинеттері беріліп отыр.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

КӘСІПКЕРЛІК: ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ КӨШ БАСЫНДА

Қызылорда облысы кәсіпкерлік саласының дамуы жағынан біріншіл орында. Бұл туралы өңірдегі кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов айтты, деп хабарлайды палатаның баспасөз қызметі.

«Жыл басында депутаттардың, қоғамдық кеңес мүшелері мен бизнес-қауымдастықтың бастамасымен облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып жарияланды. Жақында қолыма республика көлемінде өңірлерде кәсіпкерлік саласының даму барысы туралы статистика түсті. Сенесіздер ме, 7 айдың қорытындысымен Қызылорда облысы республика көлемінде бірінші орында. Жұмыс жасайтын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны біздің облысымызда 10,8%-ке артқан, яғни орташа республикалық деңгейден 2,4 есеге артық. Мына статистикаға қараңыздар: өткен жылы ғана біздің облыс 16 өңірдің ішінде 10-шы болған. Ал биыл бірінші орын! Дегенмен, жетістікке тоқмейілсуге болмайды. Әлі де алда атқарар жұмыстарымыз жеткілікті. «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» бастамасының 3 жылға ұзартылғандығын

ескерсек, аймағымызда жұмыссыз азаматтардың қатары азайып, кәсіппен айналысушылар еселенеді деген сенімдемін», – дейді палата басшысы.

Ғалымбек Жақсылықов жыл басында өзін-өзі жұмыспен қамтыған, сондай-ақ жұмыссыз азаматтар саны облыста 97,5 мың болғанын, аталған мәселені шешуде «Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған жол картасының» айтарлықтай септігі тиіп отырғанын да жеткізді.

Жол картасы аясында қаржыландырудың барлық көздерінен облысқа 32 млрд теңге тартылған. Осы жылдың бірінші жартыжылдығының өзінде «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 280 жоба қаржыландырылған.

Өңірде ауылдағы ағайынның кәсіп ашуына жағдай жасалып, жеңілдетілген несиенің басым бөлігі де ауыл азаматтарына берілуде. Мәселен, биылғы жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында 1,8 млрд теңге ауылдық елді мекен жобаларын қаржыландыруға бөлінсе, 89,5 млн теңге қалалықтардың жобасына қарастырылған.

«СБ» ақпарат.

№	Аймақ	7 ай 2018 жыл	7 ай 2017 жыл	Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда %
1	Қызылорда	40 733	36 757	110,8
2	Астана қаласы	107 878	97 638	110,5
3	Маңғыстау	49 583	46 012	107,8
4	Атырау	45 816	42 843	106,9
5	ЕКО	39 725	37 515	105,9
6	Ақтөбе	53 105	50 186	105,8
7	Жамбыл	62 460	59 012	105,8
8	Шымкент қаласы	58 280	-	105,2
9	ШҚО	87 184	83 168	104,8
10	Түркістан	127 810	-	104,5
11	Қостанай	51 078	48 979	104,3
12	Ақмола	44 235	42 623	103,8
13	Павлодар	42 994	41 489	103,6
14	Қарағанды	82 384	79 951	103,0
15	Алматы	115 070	111 933	102,8
16	СҚО	28 646	28 397	100,9
17	Алматы қаласы	170 574	172 880	98,7



Біздің қазаққа біткен бір қасиет – өнер әлеміне, жалпы ұлттық руханиятымызға араласқан перзенттерінің көбіне-көп ауыл арасынан шығатындығы. Атағы алысқа кеткен дарындыларымыздың түп дерегін дәйектеп көрсеніз, ата тегі кәдімгі қара шаруа, малшы, балықшы, егінші, жұмысшы болып келеді. Бұның сыры кіндік қаны сорғалап тамған туған топырағының киесінен болса керек. Бас қатырып ойлана жүргендегі патша көңілімізге қазақтың ұлан-байтақ ұлы даласы анау-мынау дейтіні жоқ, тұтасымен киелі-ау дерсіз, сірә. Бұрын советтік дәуірімізде бәріміз бір елміз деп жүргенімізде байқампапыз. Тәуелсіз елге айналғалы көп жағдайға көзіміз ашылып, қаныға түстік. Жеріміздің киесі болмаса, дербестігімізді алған күннің ертеңіне күллі әлемнің дүрлері түс-тұстан анталап неге жетіп келді? Содан бері дербестігімізді алып, көңіл көзіміз дүндүниеге ашылғалы кеудемізді кеулеген осындай қынулы ой әрбір көзі ашық азаматты толғандырумен келеді. Даламыздың көл-көсір ырғын байлығы оның киесі емес деп айтуға кімнің дәті бара алады. Шет жұртты елімізге шұбыртқан жеріміздің киесі сол шығар-ау.

ҚҰМДА ТУЫП, ҚҰМДА ӨСКЕН

Жә, болары болды. Біз білетін өнер тарланы Оңталап Нұрмаханов ауыл почтальонының баласы еді. Білеміз, ауыл баласы кеш ер жетеді, қала баласы тез есейеді. Себебі, екеуінің дүниеге көз ашқан ортасы екі түрлі. Оңталаптың да тағдыры көптеген қатарластарындай әуелден-ақ шығарлаңмен басталыпты. Қала баласы мектепке үйінен қатынап оқыса, Оңталап үш ауылдың мектебін бірінен біріне көшіп жүріп бітіріпті. Бастауыштың екі класын құмға бөккен «Құмбазарда», сегізіншіні «Шөмішкөзде», тоғызыншы мен оныншыны «Қызылжарда».

Содан кейін Алматыға барып құрылыс техникумына түседі. Оны ойдағыдай бітіргесін жолдаманы Арал ауданына берген. Алақандай Аралда маман құрылысшы керектіп отырған мекеме қайдан болсын. Шаш қойып азамат болуға талпынған жас өрен жұмыс іздеп біраз уақытын босқа өткізіп алған. Аралдан жоғары білімді Жәдігер (Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының кейіпкері) жұмыс таба алмағанда, бұл балаға дайын орын қайдан болсын. Айтпақшы, бір кісі параң болса... деген көрінеді. Ондайдан хабары жоқ, өмір жорығына әл-әзір араласпаған жас бала шопшы кеткен.

Жә, сонымен мамандығы бойынша жұмысқа тұрудан күдерін үзген ол Аралдың бір қисық көшесімен ойға батып келе жатқанында алдынан «Қыдыр ата» болып қала жұрты Ақтөке атандырған Төлебай кездескен. Жағдайға қаныққан Ақтөке Оңталапты ертіп, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Жаскенов Құдайбергеннің алдына алып барып: «Талай жасты тәрбиелеп қатарға қостың ғой. Осы баланы да бауырыңа тартып көрсен қайтеді», – десе керек.

Құдайберген ағамыз дипломды құрылысшыны кино-механиктің оқуына оқытып алады. Содан Оңталап алғашқы еңбек жолын Арал аудандық мәдениет бөлімінің автоклуб киномеханигі болудан бастайды. Жырыма жасында. Дегенде, ол кино қоюмен алданып жүре бермеген. Жатпай-тұрмай ізденген. Тәлімгер басшының қамқорлығымен аудан өнерпаздарының ортасында бұл да ашыла түскен.

– Сен, Оңталап, бірден орнықты режиссёр бола қоймаған шығарсың. Жоғары білімді маман емессің. Дегенде, аудандық халық театрында «Тамаша» әзіл-сықақ отауының негізін қаладың және сценарист-режиссері болып басқардың. Бұл ыңғайда сені қазіргі дәрежеге жеткізген ұстазың болған шығар? – дегенімде, Оңталап: – Болғанда қандай! – деп



көңілденіп қоя берді. – Әуелгі ұстазым Әбілхан аға Маханов болды. Иманды болғыр, нағыз сегіз қырлы дейтінің өзі еді. Ол жырау және жырыш, ол әнші және сахна артисі, ол іштен оқып туған дипломсыз режиссёр еді. Жалғыз мен емес, Әбекең ауданда бәріміздің де ұстазымыз болды. Тек, «айыбы» заман ауыртпалығынан кезінде оқи алмай қалған. «Әлемге болды әйгілі Әбдіжәміл жазған «Қан мен тер» деп дастан жазған Әбекең ғой, ол! Несін айтасыз, о кісінің ауданның мәдени өміріне сіңірген еңбегін айтып жеткізу мүмкін емес. Ал бәрін бастандырып жолымызды ашқан әрине, Құдайберген ағаның қамқорлығы ғой.

Оңталап сол Қ.Жаскеновтың жөн сілтеуімен Ақтөбенің мәдени-ағарту училищесінің режиссёр бөлімін сырттай оқып бітірген тұлғегі. Енді ол аудандық мәдениет үйінің режиссёрі болып бекігесін жаңа мамандығы бойынша талпынып көрді. 1985-1990 жылдары Т.Ахтановтың «Күшік күйеу», Қ.Мұхамеджановтың «Ой, жігіттер-ай», С.Адамбековтің «Алтын табақтағы жылан», Р.Сейсенбаевтың «Қашқын», М.Махатаевтың «Қош, махаббат!» спектакльдерін сахналады. Бұл еңбегіне Арал және Қызылорда көрермендері қанағаттанып қол шапалақтады. Құмда туып, құм кешіп өскен ауыл баласының еңбегі жанды.

Бұл азамат ауданда режиссёр бола жүріп ақындар айтқысынан да бағын сынап көрген. 1985 жылы қазалық Жетіскен Мәкенәлімен, 1987 жылы жалағаштық Алтай Көшеровпен, 1989 жылы табиғатты қорғау тақырыбы бойынша өткізілген екінші облыстық бәсекеде Лена

Әбдіқалықовамен айтқанда, табан астынан қарсыласына ұтымды жауап қайтара алатын құ тілді ақын екенін байқатқан еді. Сол жылы Ақтөбеде өткен айтыстан жеңімпаз болып оралды. «Өнерді үйрен де, жирен» демекші, енді ол ақындармен айтысуды қойып өлең жазумен шұғылданған. Шығармаларының сүйектісін жүйелеп жинақтай келгенде, «Қорқыт-қобыз» кітабы басып 9,5 баспа табақ болып жарық көрді. Жинақтың алғы сөзін белгілі ақынымыз Әскербек Рақымбеков жазған екен. Ақынға унағаны ғой. Кітап ылғи ойлы, астарлы өлеңдерден бас құрапты.

Оңталап шығармашылық кәсіпте де, өмірде де асықпайтын адам. Өлең жазудан бұрын ұзақ уақыт ойланып жүріп алады екен. Өлең туғаннан кейін оны жұрт көзіне дабырлатып ұсынуға да асықпайды. Ойға алғанын үндемей жүріп бітіретін жайсаңның өзі. Амандық болса, оның енді екі бірдей өлеңдер жинағы жарық көретін күн де алыс емес.

Өңірімізде жылда мамыр айы туысымен облыс орталығында халық театрларының өнер жырсыз өтетін дәстүрі бар еді. Сондай бір байқауда бірінші орын алған Оңталап Нұрмахановтың қойылымдарына сүйсінген сол кездегі облыс басшысы Бердібек Сапарбаев Аралдың жалғыз режиссерін орталыққа алдыруды тапсырған. Мәдениет басқармасының басшысы Жаңыл қарындасымыз Оңталаптың қыр ізінен қалмай жүріп Қызылордаға орнықтырып, облыс халық шығармашылығын дамыту орталығының көркемдік жетекшілігіне тағайындады.

Оңталап енді тіпті тыным таппайтын болды. Облыстық, республикалық және халықаралық мәдени шараларды өткізу машақатына құмбыл кірісіп кеткен.

Атап айтқанда, Елбасының Сыр еліне келген сапарының мәдени шараларын өткізіп, «Қорқыт және түркі әлемі» халықаралық конференциясы құрметіне гала-концерт дайындады. Облыстың Астанада өткен мәдениет және өнер күндеріне «Қорқыт. Қобыз. Қызылорда» театрландырылған қойылым алып барды. Мәдениетті қолдау жылында «Тарих. Таным. Мәдениет» тақырыбымен ашылу және жабылу салтанатының, жыршы-жыраулардың «Ғасырлар үні» конкурсының, түрік тілді елдердің балалар шығармаларының «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық өнер фестивалдарының сценарийлерін жазып, режиссерлік қойылымдарын дайындап көрермендер алдына шығарды.

Енді көп ұзатпады, мәдениет басқармасы Оңталапты Н.Бекежанов атындағы облыстық театрдың режиссёрі қызметіне ауыстырды. Осы өнер ордасында ол Р.Отарбаевтың «Қандыөзек» трагедиясын, Л.Егембердиеваның «Егіздер», С.Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» мелодрамаларын, Ә.Таразидің «Люстра» фантаст.гориисын, М.Ахманов пен А.Тоқмановтың «Екі дос немесе делдал қарға» ертегісін, С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» комедиясын сахналап, көпшілік талқысына ұсынды. Бұл еңбектерін де облыс жұртшылығы жылы қабылдады.

Өмірде өте қарапайым, болдым-толдым демейтін, ізде-

нуден жалықпайтын, еңбектен беруден ерінбейтін осы өнер торысы сахналық қойылымдарды дайындай жүре Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының режиссёрлік бөлімін сырттай оқып бітіріп алды. Театрдан кейін «Қазақстан – Қызылорда» телекомпаниясының шақыруымен телевизия саласына да айтарлықтай қолтаңбасын қалдырды. Онда редактор бола жүріп «Жеті өнер», «Дейді-дейді, дейді екен» телехабарларын көрсетті және «Әпсана», «Бір келіншек», «Ұшар» телефильмдерінің сценарийін өзі жазып, өзі түсірген. Бұл туындылары облыс телевизиясының алтын қорында сақтаулы. Жылда бірекі рет облыс көрермендеріне көрсетіп тұрады.

Оңталаптың жүректі елжіретіп қозғаған және бір сценарийін жарық сәулелі дүниеден ертекеткен қыршындар: Серік Өтеуов, Нұрберген Тас-таев, Сұраған Мырзаев, Нис-толла Раманқұлов, Бекұзақ Тәңірбергеновті еске алу кешіне арнап жазыпты. Бұл бес арыс Сыр бойының талантты ақындары еді. Сен, Оңталап, өмірден озған осы аяулыларымызды осы еңбегіңмен ортамызға алып келдің. Сенің бұл ісінді замандастарың ұмытпас. Сахнадан бесеуінің де төл дауысын естіп дидарласқандай болды.

Есімнен туған елім бір кеткен жоқ, Ақ туын адалдықтың кірлеткен жоқ. Аралдың табанынан су кеткенмен,

Халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ, – деп Бекұзақ ақын театр төрінде көзі тірі кезіндегі домбыраның құм-бірімен баяғыдай жыр төккен дауысы саңқылдап тұрды... Сонда біз теңіздей толқып отырғанбыз.

Қандай жігіттер еді... Рахмет саған, Оңталап!

Облыстың мәдениеті мен өнерінің дамуына 40 жыл үзбей сіңірген еңбегін еленіп, «Қазақстанның мәдениет қайраткері» мәртебесіне ие болдың. Облыс әкімінің стипендиясын екі рет алдың. Және, Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен марапатталдың. Сахна шымылдығының айқара ашылғанына екі жыл енді толған Қызылорда қалалық театрының көркемдік жетекшісі әрі бас режиссерлігіне бірінші болып тағайындалдың. Қысқа мерзімде қала көрермендеріне үш спектакль көрсетіп үлгердің. Тағы да жаңа қойылым дайындап жүрген боларсың? – дегенімде, кәдімгідей аңғайп отыратын қалпымен Оңталап аз-кем ойланшып алып:

– Ұсынған еңбектерім жалғыз менің жеткен жетістіктерім емес. Аралда да, облыс орталығында да мені желеп-жебеушілерім шын ықыласымен қолдады. Қызылорданың облыстық театрында жұмыс істеген жылдарымда театрдың бас суретшісі Серік Пірмаханов, бас режиссері Ергали Оразымбетов менің жанашыр ұстазым болды. Осы театрда сахнаның бұрын мен аспаған сырлары мен алуан сиқырлы қырларын зердеме тоқи жүріп, іздене жүріп ерінбей үйрендім. Мен өмірдің өзінен де және ұстадарымнан да үйреніп тәрбиеленген, олардың көз алдында өскен режиссермін, – деді.

Дұрыс айттың, Оңталап. Сен Қазалы жерінен басталып сонау Шалқарға дейін бір мен бірі қуырықтасып жатқан аткөпір ұлы құмда туып, құм көшкінін кешіп өскен жансөбілсің. Ұзыннан-ұзақ созылып жатқан болат жолдың бойындағы «Құм-базардың» ақ шағыл құмына қаның тамған құбажон дала перзентісің. Өнер жолына түскен саған және өзің сияқты азаматтардың жолына нұр жаусын! Сенің баспада кезегін күтіп жатқан «Парадария сақтары» және «Қарлығаш құсым» жыр жинақтарының тезірек жарық көруіне бәріміз де шын жүректен тілектеспіз.

**Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**



«Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акциясы аясында бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізілуде. Басты мақсат – жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларының мектепке дайындығы мен олардың жүзіндегі қуанышты көру.

95 БАЛАНЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫМЕН ҚАМТЫДЫ



Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде 95 оқушыға мектепке қажетті құрал-жабдықтар мен сөмкелер сыйлыққа берілді.

Шараны қала әкімінің орынбасары Ш.Байманов пен «Халық Банк» филиалының директоры А.Дәнкенов ашып, жылы лебіз білдірді.

Ігі шараға «Халық Банк» демеушілік жасады. Аталған банктің 95 жылдық мерейтойына орай барлық облыстарда «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларының мектепке баруына қолдау көрсетілуде.

«СБ» ақпарат.

ОQYRMAN HATY I

ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕК ТОҚЫҒАН

Арал ауданы Жақсықылш ауылының тұрғыны, зейнеткер-ұстаз Асылзат Ахметова «Сыр бойының» тұрақты оқырманы.

Жақында редакцияға оқырманымыздың хаты келіп түскен. Хатта «Егер осындай еңбектерім сіздердің басылым бетінен орын алып жатса, мен үшін үлкен рухани демеу болар еді», – делініпті.

Әрине, Асылзат апай, сіздің шығармашылығыңызға орын бар. Өйткені, өлең – жүректің қуанышы, тірлік пен болмыстың үзілмес алтын тіні.

«СБ» руханият бөлімі.

КӨНІЛ КҮЙІМ

Көңіл күйім келмей жүр, қапалаған мен неге? Қоңыр әуен, қоңыр күй орнап алған кеудеме. Таба алмадың түйткілін мына қоңыр тірліктің, Мазалайды жанымды еріктен тыс әлдене.

Күліп жүріп кей-кейде жылап жүрем ішімнен, Сырымды ашқым келеді жан болса егер түсінген. Қу тірліктің шуағын қуалаған пенделер, Қайдан ұқсын күйімді аласұрып күрсінген.

Ұқсын меілі ұқпасын өз көңілім өзімде, Сөттерімде толққан ерік берем сезімге. Бір қуаныш, бір қайғы көңіл күйім жұмбақтау, Торығамын, тоқтаймын сабыр берем төзімге.

ЖАБЫҒАМЫН МЕН НЕГЕ?

Жабығамын мен ылғи жабығамын, Серік болып алған ба жаныма мұң. Көңіл күйім құлазып серпілмейді, Жүрегіме нала жыр төркіндейді.

Айырыла алмай сол күйден сенделемін, Ей, табиғат, жанымды емде менің. Жырлар жазым келеді жігерленіп, Жігерленіп керемет күйге енемін.

О, тәңірім ғұмыр бер мағыналы, Жырлар бер жазатұғын маған әлі. Әсем сөздер өрнек сап жүрегіме, Жүре берсем қонақ боп жыр еліңде.

Тұнық жырлар алаулап ой тереңде, Жалынымен жанымды өрте менің. Өлең, өлең сыры мол дүниесің, Айтшы маған беретін бар ма үлесің.



ИШАНҚҰЛОВТАР ОТБАСЫНА ДАУЫС БЕРЕЙІК!

Құрметті жерлестер!

Облыстық «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы Ишанқұловтар отбасы енді республика көлемінде бағын сынамақ. Отағасы – Ергали Ишанқұл 81 жастағы зейнеткер. Тыл ардагері мал шаруашылығы саласында 36 жыл еңбек еткен. Отанасы – Бахира Камардинқызы 80 жастағы зейнеткер. «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегері.

Ерлі-зайыптылар 62 жылдан бері тату, үлгілі өмір сүріп келеді. 14 баланы өмірге әкелген ата-ананың 52 немересі, 25 шөбересі және бүгінде 1 шөпшегі бар.

Ишанқұловтар әулетінің балалары атакәсіпті жал-

ғастырып, мал шаруашылығымен айналысып келеді. Отбасының ұстанымы: «Үлгілі отбасы – қоғам негізі».

Отбасы жайында толық ақпаратты <https://kaztube.kz/video/298811> сайттына сілтеме жасау арқылы көре аласыздар. Республика бойынша 16 үміткер отбасы арасынан үздіктер анықталмақ. Ең үздік отбасы Сыр елінен шықсын десек, https://kaztube.kz/mereyli_otbasu_2018/vote сайттына кіріп, Ишанқұловтар отбасына дауыс берейік. Дауыс беру үстiмiздегi жылдың 30 тамызы мен 6 қыркүйек аралығында өтеді.



TARINI TULǴALAR I

ТАЙТҰЯҚ

Бай Қара, басқалардан дара Қара,
Би Қара, болыс Қара, дана Қара.
Қарасыз бұл өңірдің күні батып,
Қарасыз бұл өңірдің таңы ата ма?

Бай Қара, бұл атақты Жүргенұлы,
Алланың айрықша шын сүйген ұлы.
Жайлаған осы өңірде ел-халықпен,
Қашанда өтіп жатыр бірге күні.

Жанына ол жан емес дамыл берген,
Жүреді қалың жұрттың қамын жеумен.
Біріне жоқ-жітіктің жұмыс беріп,
Біріне қалың малдан сауын берген.

Халқына пана болған бір тау еді,
Шын жүйрік топтан озған тұлпар еді.
Екі рет өмірінде Қыдыр көрген,
Жәрімбет әулиенің ұрпағы еді.

Кең жайған қай кезде де керегені,
Өр еді, өзгеше еді, өрелі еді.
Ерекше өзі берген тәрбиemen,
Ұрпағы өсіп-өнді өнегелі.

Бәріне абыздардан бата алдырды,
Қызыға қарайтындай қатар құрбы.
Оқытып Темірбегін Петерборда,
Атақты «Темір нарком» атандырды.

Сыпайы, биден алған мың тағылым,
Көмекші шығарды аздап сыр танымын.
– Ағаның туысымын, атым Асан,
Өтебай бидің мен де ұрпағымын.

– Көмекші екенсің, – деп, – ең сенімді, –
Қонақ та риза боп еңсе бұрды.
Бұл кезде біраз шыны босатылып,
Еттің де көп бөлігі еңсерілді.

Жақсы ғой қызметтің өтелгені,
Көмекші жатты шыны көтергелі.
Қонағы «тағы ағаға соғамыз ғой,
Осы да бүгінгіге жетер» – деді.

Екеуі Қара биге қайта келді,
Шынайы сыйға алғысын айта келді.
Сұрады би де алдағы сапар жайын,
«Барасың қай жағына байтақ елдің.

Ел жүгін, көтересің заман жүгін,
Жолды да көп көрерсің талай қиын.
Қарағым, қай бағытта жүрсең-дағы,
Тілейміз жаныңның біз амандығын».

Қалғандай қоштасуға бейімделіп,
Айрықша қонағына көңіл бөліп.
– Бәйбіше, тайтұяқ бер қонағыма, –
Деді би ықыласпен мейірленіп.

Қаншама байтақ елге мектеп ашып,
Соқтырды сансыз ғылым ғимаратын.

Жақсыға жоқ реніш, таласың да,
Нұр шалқып тұрады әр қарасында.
Көтерді көкке биік бекітілген,
Өзіне мәдениет саласын да.

Темірбек сүйсінер де сенер ұлын,
Еліне бәрін тапты керегінін.
Өткізді Мәскеуінде онкүндігін,
Қазақтың өскен ұлы өнерінін.

Кұманды жақсы жатып, жай жаттың ба,
Күдікті асылың да, ардақтың да.
Белгісіз жазықсыздың жанын алып,
Сорлының сорын тағы қайнаттың ба.

Білмейсің, біле алмайсың бәрін нақты,
Қайғыны, қасіретті қалыңдатты.
Жау етіп талай асыл, ардақтыны,
Түрмеге, абақтыға жауып жатты.

Темірбек «Темір нарком» Жүргенұлы,
Халқының шын қайраткер, сүйген ұлы.
Жазықсыз жаламен көп ұсталғанмен,
Қамады абақтыға бірге мұны.

Өнердің мұрат болып өрлегені,
Мәлім ғой тыңға құлаш сермегені.
Әлемдік деңгейдегі туындыны,
Темірбек аударуға берген еді.

Ойында жоқ ешқандай мансап көрмек,
Болмаса мадақ пен сый аңсап көрмек.
«Өлеңмен он бір буын он ай жазып»,
Бітіріп бергенді ақын шаршап, терлеп.

Еңбегі Тұрмағамбет ел есінде,
Көрінген жырдың биік белесінде.
Он айда қырық мың жол өлең жазған,
Ақынның құдіретіне сенесің бе?

Өн бойын өлең-жырмен құйған ақын,
Алладан жасалған бір сый болатын.
«Шаһнама» ұлы еңбек, ерлік еді,
Өмірі патшалардың жырланатын.

Тынбайтын қырда кеңес, ойда кеңес,
Қан қырғын, патша өмірі толған егес.
Он айда қырық мың жол өлең жазған,
Еш ақын тарихта болған емес.

Бұл дастан түскен емес жерге көктен,
Талайдың ой-қиялын тербеп өткен.
Атақты осы ұлы дастан үнін,
Фирдоуси ондаған жыл еңбек еткен.

Шарықтап қиял құсы күнде ұшпаған,
Ақындық деген биік туды ұстаған.
Парсыша жетік білген Тұрмағамбет,
Дастанды аударған-ды түпнұсқадан.

Жанына еңбек еткен бермей тыным,
Көретін өзге жұрттың көрмейтінін.
Темірбек сезген еді жырды аудару,
Қолынан басқа ақынның келмейтінін.

Көркем жыр шықты көптің көңілінен,
Қол соқты қошеметпен елі бірден.
Ақын да шын қуанып, мерейленді,
Шыққанда Темірбектің сенімінен.

Жүрегін тербеп жырдың қуат лебі,
Жүзі де шұғылалы, шуақты еді.
Бұзылып кенет бәрі кете берді,
Бәрі де тыныш, дұрыс сияқты еді.

Тұрғандай болды кенет қара дауыл,
Ақынға жабылатын жала да ауыр.
Жауменен сыбайлас деп кінә тақты,
Мұндайда қара ниет қала ма құр.

Қара күш тағы да өзін таныттырды,
Көңілге қасірет пен қауіп кірді.
Ақыры жалған жала жабушылар,
Ақынды абақтыға жауып тынды.

Қорқаудың көзі де жоқ, жоқ құлағы,
Қашанда бойында ыза, кек тұрады.
Ақынды неге жаумен жолықтың деп,
Аяусыз абақтыда соққылады.

Пәктіктен басқа ешқандай жоқ тілегі,
Ақынға қандай ғана кетті кегі.
Айтқанын Темірбектің істедің деп,
Аяусыз қайта-қайта тепкіледі.

Темірбек – халық жауы, сен де бірге,
Күеміз саған қатты сенгеніне.
Аңсайсың, патша өмірін дәріптейсің,
Жаусыңдар, кеңестердің жеңгеніне.

Ақынға кінәсі көп тағар тағы,
Қадайды сұсты көзін алартады.
Тебеді жазығы жоқ қарт кісіні,
Тіледі қамшысымен жан, арқаны.

Қарт ақын алпысқа да келіп қалған,
Соққыдан талай рет өліп, талған.
Сүйретіп құр сүлдерін әреш шықты,
Жабыққан жаны жүдеп торыққан жан.

Сан рет азап, қинау соққы көріп,
Денеден сау тамтұқ жоқ кетті ме ерік.
Өзініе еркін тұрып жүре алмайды,
Түрмеден шықты ақын дертті болып.

Аяғын ашып, алшаң баса алмады,
Көңілін бір белгісіз басар қағы.
Өзінің өмірі де күңгірт тартып,
Көзінің көруі де нашарлады.

Бойына сан азапты салып түрлі,
Атар таң қимағандай жарық күнді.
Азаптан бойына енген осы дерті,
Ақынды бұл дүниеден алып тынды.

Дүние дөңгеленген тынады ма,
Уақыт бір орнында тұрады ма.
Келмеске кетті кеңес кезеңі де,
Айналған бір дәуірдің ұранына.

Жар болып жаппар ием Жаратқаным,
Көрді ел Тәуелсіздік таңы атқанын,
Босанып тас бұғаудан талай жылғы,
Халқымыз қайта жаудан қанаттарын.

Тамаша бір ғажайып дәуір келді,
Азат ел еркіндіктің тағын көрді.
Келеді күннен күнге ажарланып,
Көркейген қала, дала, ауыл да енді.

Көп сырдың көрді халық ашылғанын,
Қанша жыл басқыншының басыңғанын.
Халқымыз өз тарихын қайта қарап,
Шығарды жарыққа шын асылдарын.

Ерекше елі үшін туған ерек,
Жазықсыз жазаланған тұлға да көп.
Солардың қатарында ұлықталды,
Қара би, «Темір нарком», Тұрмағамбет.

Қонғандай сәтіменен қолға бәрі,
Халқымыз орындалды ойлағаны.
Атымен асылдардың аталуда,
Ауылдар, көше, білім ордалары.

Бас иген барша халық рухына,
Бола ма Қара биді ұмытуға.
Халқына айрықша адал қызмет еткен,
Темірбек, Тұрмағамбет – ұлы тұлға.

Тандантқан талай елді сүйіндіріп,
Тұрғандай бізге күн де нұрын құйып.
Бәріне осылардың қол жеткізген,
Ұстайық Тәуелсіздік туын биік.

Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.
Қызылорда.

Қара би

Дастан

Қара бидің көмекшісі болған Асан Өтебайұлының естелігі бойынша

Көрмеді ел босқа шалқып, шашылғанын,
Масайрап байлығына тасынғанын.
Айрықша қадірледі, құрмет тұтты,
Алаштың ардақтысы, асылдарын.

Қонақжай қалпы көпке жайған атын,
Келген жан құрметіне танданатын.
Қонаққа аттанарда беру үшін,
Бір тұлпар белдеуінде байланатын.

Қонақсыз күні оның аз болатын,
Жайылған жаны жайсаң жаз болатын.
«Совнарком» Сәкен келіп сәлем беріп,
Төрінде жатушы еді Мағжан ақын.

Жас жігіт көмекшісі жанындағы,
Бәрін де не керектің дайындады.
Атақты Қажымұқан келген кезде,
Қара би отау үйде қабылдады.

Осы еді оны алғаш көргені де,
Арнайы болды риза келгеніне.
Сымбатты тұлғасына қалды қарап,
«Үлкенге сәлем берген жөн» деді де.

Жүзінде жылы мейірім, шуақ тұрды,
Бар жайын, жағдайын сұрап білді.
Сонан соң палуанның алда барар,
Жайына сапарының құлақ тұрді.

«Қарағым, ерте шықты елге атың,
Елдің де сенде үмітті зор болатын.
Ақтадың ел сенімін, рахмет»
Деді де шақырды өз қолғанатын.

Жас жігіт көмекшісі жедел келді,
Қонаққа сәл иіліп сәлем берді.
Ас-суды қонақ үйде дайындығын,
Айтпай-ақ берді соған орай белгі.

«Қарағым, білдік сапар, жоспарыңды,
Күтеміз сенен артық басқа кімді.
Жігітпен мынау келген бірге ішіп қайт,
Арнайы дайындалған ас-дәмніңді.

Білемін, міндетің көп арқалаған,
Базарың басыңда әлі тарқамаған.
Асықпай ас-суынды ішкеннен соң,
Екеуің соғарсыңдар қайта маған».

Қара би солай деді қонағына,
Сый, құрмет бұдан артық болады ма?
Палуан көмекшіге ере берді,
Биді кең құшағына орады да.

Өзгеше қонақ үйдің дайындығы,
Жинаған барлық жұмсақ, жағымдыны.
Көмекші шапшаң әрі зерек жігіт,
Жан-жақты қонағының жайын білді.

Тынбайды бітіргенше қалайда ісін,
Сол үшін бидің де алған сан алғысын.
Мол етті қазы-қарта, жал-жаяны,
Қойдың да дайындады жарамдысын.

Кең жайған дастархан да келісті еді,
Жақсы ғой қонағының жеп-ішкені.
Ірімшік, құрт, майы да тау боп жатыр,
Бір шетте мөлдіреп тұр жемістері.

Не қажет қонағының қалауына,
Бәрін де дастарханнан табады да.
Болысқа пошта арқылы жететұғын,
Молдау тұр Петербордың шарабы да.

Қонақтың атағы да аты мықты,
Көмекші жақсы сыйдың сәтін ұқты.
Ас, суға сұғынбайтын тым сыпайы,
Қос қартты серіктікке шақырыпты.

Қалғандай бойы сергіп, жеңілденіп,
Қонағы жақсы отырды көңілденіп.
Сұрады жас жігіттің аты-жөнін,
Ерекше ықыласпен пейілденіп.

Тосындау болды бұл сөз барлығына,
Бәйбіше ұқпағандай жайды мына.
Қара би қайта тағы қарағанда,
Кілтті сала берді сандығына.

Қонақ та бұған қатты абыржыды,
Алтынның қай кезде де ауыр жүгі.
– Онсыз да сыйыңызға ризамын,
Артық қой, – деді, – аға, алу мұны.

– Қарағым, рахмет келгеніңе,
Жұлдыз боп шығып жүрсің ел көгіне.
Қашан да қаржы артықтық еткен емес,
Ағаңның жолыңа арнап бергені де.

Қайнаған өн-бойыңда мол қуатың,
Шығарып жүрсің біздің елдің атын.
Қазақтың қолын ұзақ соғып тұрды,
Сүйсініп қолын ұзақ соғып тұрды.

Бәрі де болды өзінің дегендей,
Көңілің толады ма көре білмей.
Тайтұяқ сыйы құйма алтын еді,
Тайдың бір тұяғының көлеміндей.

Толқытты қонақты би сыйы мына,
Бөленді жүрегінің жылуына.
Осы сәт би де орнынан көтерілді,
Жамылды жібек шапан иығына.

Қонақ та мол құшағын жая берді,
Аттанар шағы да енді таяу еді.
Шыққанда Қажымұқан үйден сыртқа,
Тұлпармен тұрған жанды жаңа көрді.

Жақсының жарық еді жаны қандай,
Бойына болды бір күш дарығандай.
Аттанды аға үйінен Қажымұқан,
Арқада тұрған алып тауы бардай.

«ТЕМІР НАРКОМ»

Өмірге өзгешелеу заман келді,
Заманмен талай айла, амал келді.
Білмейсің алдыңда не күтетінін,
Жүрмейсің бұрынғыдай қалай да енді.

Белгісіз ісінің де оң-терісі,
Беймәлім жасап жатқан төңкерісі.
Таусылмас күнде жиын, күнде дүрмек,
Көбейген елдің ыза, жиіркеніші...

Ішіне көп дүрмектің енесің бе,
Сөзіне шуылдақтың сенесің бе.
Күдікті түрлі топтар, партиялар,
Кұманды ұрандатқан кеңесің де.

Саналы іс көрінбейді ел сендірер,
Тауды да тұрды дауыл теңселдірер.
Нені айтып тұрғанын да ұқпайтұғын,
Көбейді шолақ ойлы белсенділер.

Қара би бар малшыға ерік берген,
Қатерден құтылды тез төніп келген.
Өткізді үкіметке қолда барын,
Қалғанын жалшыларға бөліп берген.

Өзгертті қонысын да, тұрағын да,
Байлықтың осыншама жүгі ауыр ма.
Етеді шүкіршілік Темірбегі,
Істеп жүр үкіметтің құрамында.

Сүйсінтіп құрбы, құрдас, қатарларын,
Біледі «Темір нарком» атанғанын.
Халқының болып қазір мақтанышы,
Ақтап жүр ел үмітін, татар дәмін.

Үлгі боп көп басшының арасында,
Лайық елден алған бағасын да.
Аз жылда ұлғатты іс тындырған,
Басқарған өзі ағарту саласында.

Қашанда туған елге ту болатын,
Жақсының жүрген жері нұрланатын.

Жаңа жол ашылғандай алуан нұрлы,
Ел көрді бір ғажайып арман күнді.
Қазақтың асыл ән, күй, билері де
Мәскеулік қол түргыңды тандандырды.

Ерекше өнер жұртты еліктірді,
Шаттыққа жүрек біткен толып тұрды.
Атақты күн көсем де риза боп,
Сүйсініп қолын ұзақ соғып тұрды.

Шіркін-ай, не жетеді шын асылға,
Өнерге шекара жоқ расында.
Тандантты тамам елді Серке, Елубай,
Қанабек, Қапан, Шара, Күлешің да.

Мұрат қып ел мерейі асқақтауын,
Зор істі аяқасты ақсатпауын.
Жарқылдап жай отындай жүр Темірбек,
Жиналған өнерпаздың бастап бәрін.

Жарады қыздары да жігіттері,
Бәріне сенімді еді, үмітті еді.
Мәскеуде көрсетіп зор, үздік өнер,
Ерекше ел мерейі биіктеді.

Көрді жұрт жыр алыбы, ән дүлдүлін,
Сайраған сахнаның сан бұлбұлын.
Басшылар риза боп бағалады,
Еңбегін өнерпаздың барлығының.

Орденін берді, құрмет, атағын да,
Өнердің болғандарға сапарында.
Орденнің ең жоғары бірін алды,
Солардың Темірбек те қатарында.

Өнердің көрді халық өрлегенін,
Көрді жұрт бұрын ешбір көрмегенін.
Темірбек бастап келген өнерпаздар,
Көтерді туған Отан, ел мерейін.

Тәртібі Темірбектің тастан қатты,
Қайтадан қайтарғандай қашқан бақты.
Мәскеулік мамандарға қол соқтырып,
Халқының абыройын аспандатты.

Әртүрлі жаңа заман көп амалы,
Көңілдің күдігі де көп аланы.
Көбейді естілмеген елде бүлік,
Көбейді зорлығы мен зобалаңы.

Көбейді қара жүрек, қара қанды,
Соғатын жауыздыққа алақанды.
Өршіді жалған жала жабушылар,
Жазықсыз талай жандар жау атанды.

Жау болды ел басқарып жүргендер де,
Өз елін, өз Отанын сүйгендер де.
Жау болды елі үшін ерлік етіп,
Отына оның ерте күйгендер де.

Шалынған секілденді көңіл дертке,
Адалдық аярлықтан жеңілмек пе.
Жау болды жалындаған шын қайраткер,
Атақты «Темір нарком» Темірбек те.

Қара тұн қара түнек таңға ұласты,
Күңгірт күн баяу жылжып айға ұласты.
Сексенге бұл кез келген Қара биді,
Уайым, қалың қара қайғы басты.

Көп жайды үкіметтің ісіндегі,
Қаншама ойлағанмен түсінбеді.
Жазықсыз қанша жанды жауып жатыр,
Не үшін, жасап жатыр үшін нені.

Білмейді қандай заңы, талабын да,
Қажеті, көңілдегі қалауын да.
Сексенге келген қазір Қара бидің,
Қара бұлт серпілмеді қабағында.

Айпайды, айта алмайды көңілдегін,
Ұқпайды мынау жаңа өмір лебін.
Ойлайды, толғанады күні-түні,
Жазықсыз жапа шеккен Темірбегін.

Өзгеше адамы да, талабы да,
Кез болды қандай дәуір заманына.
Тағы да ойлап асыл Темірбегін,
Жас келді уайымнан жанарына.

Темірбек еді үміт, тілегі де,
Жер басып онсыз өмір сүреді ме.
Құртқандай болды мақсат, мұратын да,
Сұққандай болды қанжар жүрегіне.

Арманы тұңғыыққа батып тынды,
Алдағы көре алмады бақыт күнді.
Жазықсыз жаппан жөнсіз жаламенен,
Ақыры Темірбекті атып тынды.

Қайда да жұмбақ тағдыр, жұмбақ өлім,
Дүние тындырмады дүрбеленін.
Ақыры жазықсыздан атып тынды,
Ерекше ел бағына туған ерін.

Амал не тұрмаған соң қолда күшің,
Бір жансын жоқ қолдауы, қорғанысың.
Тергеусіз, сотсыз атты Қара биді,
Әкесі Темірбектің болғаны үшін.

ТҰРМАҒАМБЕТ

Дүрбелең бұдан соң да басылмады,
Көп болды елден ұйқы қашырғалы.
Жоқ жерден жау іздеген шын ниетін,
Қарау ой қарақшылар жасырмады.

Айырылған адалдықтан, ар-намыстан,
Кез келген күткендей-ақ жанның дұшпан.
Дамылыз енді олар жау іздері,
Жандардан «жаулармен бір байланысқан».

Тағы да ұят, арды ұмыттырды,
Кез келген жанның урей, күдік кірді.
Болған деп Темірбекпен байланыста,
Тізімге ұлы ақынды іліктірді.

Ұлы ақын Тұрмағамбет, даңғыл ақын,
Жинап ап бойға талант, бар қуатын.
Аударған «Шаһнамасын» Фирдоусидің,
Ғажап жыр мейірімді қандыратын.



JIGER I

ТАЛАБЫ ТАУДАЙ ТАМАРА

Шиелілік Тамара Ақмағамбетова – басына түскен қиын тағдырына қарамастан, өмірге деген құлшынысын жоғалтпай, он екі мүшесі сау адамдармен тең еңбек етіп, күнделікті нәпақасын тауып жүрген қайсар жан. Тіпті, оның бойындағы қабілеті, еңбексүйгіштігі мен ертенгі күнге деген зор сенімділігі көпке үлгі боларлықтай.

жеткен жастықтарды қалай тазартудың, жаңалаудың әдіс-тәсілдерін іздестірді. Ақыры іздестіріп тапты. Ресейдің арнайы жастықтардың түгін тазалайтын құрылғысы бар екен. Осылайша бизнес-жоспар да дүниеге келді. Қажетті құжаттарды жинап, «Бизнесің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 1 млн теңгенің грантын ұтып алды. Ол қаржыға тозған жастықтарды өңдейтін цех ашты. Тамараның цехы бүгінде аудан ғана емес, облыс көлемінде жастық өңдеумен айналысатын бір ғана цех болып тұр.

– Жастық тазалау процесі ұзақ уақыт алмайды, небәрі 15-20 минуттық шаруа. Тапсырыс берушілер жұмыс барысын бақылап тұра алады. Біткен соң клиентке шыққан қоқысты көрсетеміз. Сонда біздің жұмысымыздың қаншалықты шынайы екенін байқайды, – дейді ол. Тазалап болған соң жастықтың

тысын тігіп, тап-тұйнақтай етіп иесіне тапсырады. Тынымсыз Тамара мұнымен шектелген жоқ. Алғашқы цехының жұмысы жолға қойылған соң ол көрпе, көрпеше секілді тұрмысқа қажетті бұйымдар тігетін «Мамық» деген атпен тігін цехын ашты. Сөйтіп ауылдастарын жұмысқа тартты. Бұған қоса белсенді өмір салтын ұстануды әдетке айналдырған ол «Айрықша би» жобасына да қатысады. Жуырда ғана «Қазақстанның Бизнес-леди-2018» республикалық конкурсының аймақтық кезеңіне қатысып, екінші орын иеленді. Сондай-ақ, ол облыста алғаш рет өткізілген «Әзіңе сене баста» атты мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер өнімдерінің көрме-конкурсының қатысушысы.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».



SERGEK



«ҚАЙСАР» РЕСЕЙДЕ ТОП ЖАРДЫ

Сыр елінде соны серпін көрсетіп келе жатқан көгалдағы хоккей ойыны әлем назарын кезекті рет өзіне аударды. Кеше ғана облыстағы «Қайсар» құрамасының халықаралық бәсекеде топ жарғанын көрдік.

Екатеринбург қаласында көгалдағы хоккейден өткен Ресей Федерациясының жоғарғы топ лигасының екінші айналымында «Қайсар» ерлер құрамасы 1-ші орынды жеңіп алды. Бұл айналымды еркін еңсерген жерлестеріміз енді келесі айналым

ойындарын Санкт-Петербургте, соңғы кезеңді Қазан қаласында өткізеді.

Қырықжылдық тарихы бар көгалдағы хоккейдің осы кезге дейін алған асуы, шыққан белесі біртөбе. Талай доданы көркін қыздырған сайыпқырандар қай мемлекетте өнер көрсетсе де ел мерейін асқақтатып, көк туымызды желбіретуде. Құраманың бабын келтіріп жүрген білікті жаттықтырушы Сұлтанбек Қобландин спортшылардың алдағы уақытта да еліміздің абыройын асқақтата беретінін айтады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

«ЖЕНЬШЕНЬ — ӨМІР ҚУАТЫ» —

ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ.

«Орман жануарларының патшасы — жолбарыс, теңіз жануарларының патшасы — айдаһар, ал орман өсімдіктерінің патшасы — женьшень».

Ежелгі Қытай даналығы.



«Женьшень - өмір қуаты» балызымы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС №819 Д-РУ, АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

Женьшенінің тамыры адам денесінің пішініне ұқсайды. Анықтап қарасаңыз, тамырдың жоғарғы жағы қарт адамның басын еске түседі. Ал одан әрі қарай тармақталған тамыр адамның денесіне, қолдарына және аяқтарына ұқсап-ақ тұр. Тіпті тамыр дәріні зерттеушілердің айтуына қарағанда, жоғарғы әжімді бөлікке мұқият зер сала қарасаңыз, адамның бет бейнесін, мұрын мен көзді, ауызды да анық аңғаруға болады.

Тамыр дәрінің (женьшень) адам денесінің пішініне мұндай сиқырлы ұқсастығын жай кездейсоқтық, табиғаттың қалпына ғана деп қарастыру дұрыс болмас еді. Себебі, осыдан 3000 жыл бұрын адамдар бұл өсімдікті өз денсаулықтарын нығайту үшін қолданып отырған. Шын мәнінде тамыр дәрі адам денесі пішініне жай сырттай ұқсап қана қоймай, сонымен қатар құрамы мен қасиеттері де ұқсас екендігі дәлелденген.

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

«Женьшень – өмір қуатының» екі флаконын іштім. Қан қысымым көтерілген 170/200-ден қалпына келді. Енді 130/60-қа тұрақтады. Дәретке шығу да қиындық тудырмайтын болды (бұрын бүйрегімде ауау болатын). Аяқтарымың жуарғашытып қойды. Буындарым ішкінен сырқайрайтын болды. Бірақ маған алдың ала бұл қалыпты жағдай өкпенің ескерткен – қанайналым реттеліп, қайта қалпына келу процесі жүреді. Жалпы жағдайым жақсарды, балызамды уақытылы ішуге тырысамын.

Екатерина Петрунова, 63 жаста.

«Женьшень – өмір қуаты» балызыма тапсырыс бердім. Алғашқы күннен-ақ әзімді керемет сезіне бастадым. 2-ші күні танертең ішектерім тазаланды. Оның алдында дәрігерлер маған ауруханаға жатуды ұсынған болатын. Мен «Женьшень – өмір қуатын» дер кезінде алдым. Соның арқасында ауруханаға жатудан құтылдым.

Олег Юрьев, 57 жаста.

2 апта нұсқаулық бойынша балызамды іштім. Нәтижесінде қант деңгейі 18-ден 10-ға түсіп, қан қысымым 90-нан 120-ға 1 күн ішінде көтерілді. Оның алдында дәрігерлер маған ауруханаға жатуды ұсынған болатын. Мен «Женьшень – өмір қуатын» дер кезінде алдым. Соның арқасында ауруханаға жатудан құтылдым.

Юлия Горевиц, 52 жаста.

Маған мидың қан айналымының бұзылу салдарынан вестибуло-атактикалық синдромы деген диагноз қойылған. Түнде нашар ұйықтайтынымын, орнымнан тұрғанда басым айналатын, жүрек қаңды қолқа артериясына ота жасалған. «Женьшень – өмір қуатының» 3 құтысын қабылдаған соң, ұйым тынышталып, басымды бұрғанда бұрынғыдай басым айналғаны, түнде құсым басылды. Бұның бәрі күні бойы өзімді жақсы сезінуге септігін тигізді. Енді менде бәрі жақсы. Кез келген ақпаратты жылдам қабылдап, ойым орнықты. Енді сіздермен дос боламын!

Дмитрий Чурсин, 60 жаста.



Қытай тілінен аударғанда женьшень сөзі «жень» - адам, «шень» - тамыр деген мағынаны білдіреді. Аңыздарға сүйенсек, бір қызығы, женьшень де адам сияқты өмірге келеді екен. Мәлігі, суға қаймағай түсіп, онымен жер астына барады да, ұрықтанғаннан кейін, сол жерге Құдай ерекше қасиет дарытқан керемет шөп өсіп шығады. Ежелгі адамдар бұл өсімдікті барлық ауруға ем болатын ең пайдалы шөп деп, тіпті өлген адамды тірілтіп қасиеті бар екеніне де сенген.

Бүгінгі таңда арадан қаншама ғасыр өтсе де, ғалымдар тамыр дәрінің аңыздарда айтылған сиқырлы қасиеттерін жоққа шығармайды, керісінше, женьшенің қолдану негізінде дайындалған препараттар шынында да адам өмірін ұзартып, ағзаны жасартуға ықпал ететінін дәлелдеп отыр. Олар фитохимиялық және мидың шаршауын басып, еңбекке қабілеттілігін арттырып, жыныс мүшелерінің қызметін қалпына келтіріп, тәбетті жақсартып, қан қысымын реттеп, орталық жүйке жүйесін

тынықтыратын қасиетке ие. Осының бәрі шөп дәрі жасаушылардың ойлап тапқаны емес, ғылыммен дәлелденген факт. Табиғат женьшенің мінезін қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты женьшенің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру. Және дәрінің ең жақсы нұсқасы табылған. Өмірлік маңызды «женьшень – өмір қуаты» фитонаноцефтикалық топтамасы – бұл көрсеткіштер мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбалы қолданудың арқасында бұл фитонаноцефтикалық балызам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы асқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жоғары белсенді компонентті «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцефтикалық топтамасы то-нусты көтеріп, ағзаның жағымсыз өсерлерге қарсы тұру қабілетін арт-тырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қан қысымын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазар-тып, ішкі секреция бездерін, зат алма-суды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді. Аллергиялық реакцияларды асқындатпай, ісікке қарсы белсенді қызмет етеді.

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады:
8 702 911 55 55,
8 777 114 13 20,
8 727 322 88 02

«Женьшень» балызымы, «Саган Дали» капсуласының қасиеті және «Кудзу» тамшылары туралы сіз мына күні өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз:
Қызылорда қаласында 16 қыркүйек күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Бір күрсе балызымын 8 қорапша қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге.

3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН

Бір күрсе балызымын 8 қорапша қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге.

3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ келесі мүліктік кешендерді сату бойынша ағылшын әдісімен АУКЦИОН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ:

1-лот – 1410-ЖКҚК мүліктік кешені 2030 ш.м. жер телімімен, орналасқан мекенжайы: Қызылорда облысы, Арал к., Г.Мұратбаев к., 43. Кешенге 115,5 ш.м. техникалық ғимараттары және қоршау кіреді. Бастапқы бағасы 827 000 (сегіз жүз жиырма жеті мың) теңге. Аукционға қатысу үшін 24 810 (жиырма төрт мың сегіз жүз он) теңге кепілдемелік жарна төленуі қажет;

2-лот – 1410-ЖКҚК мүліктік кешені 3684 ш.м. жер телімімен, орналасқан мекенжайы: Қызылорда облысы, Арал к., Г.Мұратбаев к., 49. Кешенге 545,3 ш.м. блок аула құрылымдары, 134,5 ш.м. материалдарға арналған қойма, 25,5 ш.м. бензин қоймасы, қоршау, сыйым-дылық, қазандық кіреді. Бастапқы бағасы 1 885 000 (бір миллион сегіз жүз сексен бес мың) теңге. Аукционға қатысу үшін 56 550 (елу алты мың бес жүз елу) теңге кепілдемелік жарна төленуі қажет;

3-лот – 1410-ЖКҚК 2606 ш.м. жер телімі, орналасқан мекенжайы: Қызылорда облысы, Арал к., Г.Мұратбаев к., 51. Бастапқы бағасы 655 000 (алты жүз елу бес мың) теңге. Аукционға қатысу үшін 19 650

(он тоғыз мың алты жүз елу) теңге кепілдемелік жарна төленуі қажет.

Аукцион 2018 жылдың 12 қыркүйегінде сағат 14.30-да келесі мекенжай бойынша өтеді: Шымкент қаласы, Бөйбік би көшесі, 135А, 11-МЖТТ.

Кепілдемелік жарна «Қазақтелеком» АҚ филиалы «Алматы байланыс» Бірлестігінің есеп айыратын шо-тына (БИН 940241000314, ИИК КЗ816017131000000369 «Қазақстан Халық банкі» АҚ Алматы қаласындағы филиалына, БИК HSBKZKX) аударылады немесе банктің кепілдемесі ұсынылуы қажет.

Аукционға қатысуға барлық заңды және жеке тұлғалар жіберіледі.

Қосымша ақпаратты және аукционға қатысу үшін құжаттарды мына мекенжай бойынша алуға болады: Шымкент қаласы, Бөйбік би көшесі 135А, 11-МЖТТ, сымтетігі 8 (7252) 44-94-68, 8(701)761-72-78.

Өтінімдер 2018 жылдың 11 қыркүйегінде сағат 14.30-ға дейін жоғарыда көрсетілген мекенжай бойын-ша қабылданады.

КІРПІН САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатыла-ды. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х 120х65мм.

Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

(12-12)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кристалл Менеджмент» АҚ келісімшарттық аймақта тереңдігі 2000 м КМ-7, КМ-7.2 ұңғымаларының құрылысын салу жобасы мен ҚОӘБ жобасына өзгерту енгізу (ілеспе газдардың көлемінің өзгеруіне байла-нысты) материалдарын мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғаны жайлы хабарлайды.

Жоба материалдарын келесі мекен-жай бойын-ша танысуға мүмкіндігіңіз бар: Ақтөбе қаласы, Мирзоян көшесі, 17. Байланыс тел.: 8(7132) 40 63 38. Эл. почтасы: geolog@anigrik.kz;

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Жумадилов Артыкали Ашимбековичтің атына Қызылорда облысының ішкі істер департаментінен берілген КЗ №08071 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Газетіміздің келесі нөмірі 4 қыркүйек, сейсенбі күні шығады.

Арал ауданының әкімдігі, Арал аудандық мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманұлы Шаухамановтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыла-рына ортақтасып, көңіл айтады.

Кезекші редактор Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz